Makalede Doğu Türkistanın tarihi-coğrafya-jeofizik durumunun genel özetini verilmiştir.

Жалпы алғанда, ежелгі түріктердің мекендереген жерлері (Тұранды қосып алғанда) Каспий теңізінен Жапон теңізіне дейін 7 мың шақырым және солтүстіктен оңтүстікке дейін 1,6 мың шақырымға созылып, Жер жүзі құрлығының үлкен бір белгін алып жатыр. Онын территориясы 6 миллион шаршы шақырым. Кошетдаг, Гиндикуш, Памир, сондай-ақ Куынлун тау сілемдерімен тұтасып кеткен таулы Тибет бұл орасан үлкен өлкені оңтүстікте мұхит әсерінен қорғап тұр. Солтүстікте Алтай, Саян таулары, Стоновой, Яблоневый сілемдері және Хинган тауы Солтүстік Мұзды мұхиттан есептін аяу ағымына тосқауыл рөлін атқарады. Ал, Тянь-Шань болса бұрынғы Кеңес уақытында Орталық Азия деп аталған аймақты, яғни түріктер және басқа тайпалар ежелден мекендереген жерлерді екіге – Батыс және Шығыс бөліктеге ажыратады. Батыс бөлікте негізгі аймақты Тұран ойпаты, ал Шығыс бөлікте Ұлы Қытай жазығы, сондай-ақ Азияның үш үлкен шөлі – Такламакан, Олашпань және Гоби шөлдері құрайды. Махмұт Қашқаридің жазуышта, түріктердің жерлері Румнан Машынга дейін бес мың фарсахты құрайды.

Ұлы Түрікстанның шығысында Қытай халық Республикасына тәуелді Шыңжаң-Үйгүр автономиялық республикасы деп аталатын аймақты (Шығыс Түрікстан) ежелден түріктер мекендереген. Ол шамамен алғанда бас меридианнан 73° – 96° шығыс бойлықтар және 35° – 49° солтүстік ендіктер арасындағы кең өлкені алып жатыр.

Шығыс Түрікстан солтүстік-батысында Қазақстанмен, солтүстігінде Алтай республикасымен, оңтүстік-шығысында ішкі Қытаймен, оңтүстігінде Тибет автономиялық округімен, оңтүстік батысында Кашмирмен (Үндістан), батысында Пәкстан, Ауғанстан, Тәжікстан және Қыргызстанмен шектеседі.

Шығыс Түрікстан Қытай жерінің бөрін есептегендеге, оның бестен бір белгін құрайды. Территориясы жағынан көптеген ірі мемлекеттерден асып тұсаді. Мысалы, оның территориясы Франциядан 3 есе, Венгриядан 17 есе үлкен [1, 3].

Шығыс Түрікстанның жер көлемі [2, 29] – 1 646 900 мың шаршы шақырым. Кейбір авторлар, оның территориясының көлемі 2 млн. шаршы шақырымға жуық деп есептейді [3, 27-29; 4]. Жерінің көлемі жағынан ол

С.Әбушәріп. Шығыс Түркістан.

Түрік дүниесінде, Қазақстаннан (оның территориясы 2717,3 шаршы шақырым) кейінгі екінші үлкен өлке.

Елдің солтүстігінде таулар мен Жонғар алабы, оргалық бөлігінде Тәңір таулары мен Тарым алабы, ал оңтүстігінде Кунлун таулары көршілес жатқан Алатау, Тарбағатай және Ұлы Алтай таулары тізбектерімен бірге біртұтас тау жүйесін құрайды. Ресей Федерациясы, Монголстан және Шығыс Түркістанның тізбектесе жалғасып жатқан таулы шыңдарының биіктігі 4374 м. Солтүстікегі таулардың оңтүстігін ала Жонғария алабы орналасқан. Ол оңтүстігінде Тәңірі тауларымен шектеседі. Ұзындығы 1000 шақырым, ені 300 шақырым болған Жонғария алабы – эллипс іспетті өнір. Шығыс Түркістанның оргалық тұсында шыңдарын қар мен мұз көмкерген Тәңірі таулары созылып жатыр. Оның Қазақстан мен Қырғызстан территориясына сұтына енген жеріндегі «Победа» шыны 7439 м. биіктікте орналасқан.

Тәңірі тауышың шығыс жағында Бөктау Шан мен Курук тауларының арасын Шығыс Түркістанның ең шалғай өнірінде орналасқан Түрған алабы алып жатыр. Үлкен бір табиги катаклизм нәтижесінде пайда болған осы аймақтағы Айдын-көл теңіз бетінен 154 м. биіктікте жатыр.

Тәңірі тауларының оңтүстігін алып жатқан Тарым алабының ұзындығы – 1400 шақырым, ені 500 шақырым, жалшы алғандағы жер көлемі 470 000 шақырым, ол эллипс іспетті жазық өнір. Бұл алаптың орга тұсында Такламакан шөлі бар (көлемі 35 000 шаршы шақырым). Алаптың солтүстігінде батыс-шығыс бағытын ала Тарым өзені ағады. Оның оңтүстігін ала орналасқан Кунлун тауышың шыңдары бірден асқақташ көзге шалынады. Бұл тік-жартасты, құзды жотаның теңіз деңгейінен биіктігі – 7 000 м. Батыстан шығысқа қарай көзге Қонғұр Шан (7 719 м.), Мұздағата (7 546 м.), Хан Тәңірі (8 611 м.), Мұзтау (7282 м.), Арқатағ (7 723 м.), Мономаса Шан (7 720 м.) шыңдары шалынады.

Жалшы алғанда, Шығыс Түркістанның климаты тым континенттік, куаң, жазық жерлерінің жазы ыстық (шілдеде +20–+25°C), қысы аязды, қарсыз. Жылдық жауын-шашыны жазық бөлігінде 200 мм, тауда 800 мм. Ірі көлдері Лобнор, Баграш көлі, Ебінүр. Ал басты өзендері – Тарым, Іле, Ертіс тің жоғарғы ағысы. Тарым Шығыс Түркістан алаптарының басты өзені. Ол Такламакан шөлінің солтүстік беткейін ала ағады. Оның ұзындығы 2030 шақырым, су алабының көлемі 951 000 шаршы шақырым. Ол шығыстағы Лоб көліне келіп құяды. Тарымның салалары: Ақсу, Хотан, Жаркент және Қашқар.

Қара Ертіс өзені Жонғария алабының солтүстігін басып өтіп, Қазақстан территориясында Зайсан көлі мен Бұқтырма бөгөніне келіп құяды. Сондай-ақ, Емін өзені – Алакөлге, Боптала өзені – Ебінүр көліне, Манас өзені – Манас көліне, Ұлынғұр өзені – Ұлынғұр көліне құяды. Елдің ең үлкен көлі әрине, Лоб Нор (Нор–көл дегені, яғни қозғалыстағы көл дегені – автор) [2, 27-29].

Шығыс Түркстанда 1955 ж. 11 уәләят құрылған еді: Үрімжі, Санчи-Дунган, Іле-Қазақ, Бөрітала-Моңғол, Тарбағатай, Алтай, Қызылсу, Ақсу, Хотан, Қашқар және Құмыл. Бұл 11 уәләят, өз алдына 100 казага (аудан, уезге тұра келетін әкімшілік бірлік) бөлінген.

Шығыс Түркстанның бас қенті – Үрімжі (9800000). Бұл монголша «көрікті жайылым» деген сөз екен. Өнеркәсібі біршама дамыған қала Елдің басты-басты қалалары: Сихези (301.000), Қарамай (182000), Құлжа (162 000), Қашқар (115000), Қарауыл, Яркент, Хотан және Турфан.

Шығыс Түркстанның көшпілік бөлігін Жоңғар және Қашқар жазығы (Тарым ойысы), Такламакан құмды шөлі алып жатыр. Ал, Жоңғар алабы жазығының 100 000 шаршы шақырымдай бөлігін, Тарым бассейнінің 350 000 шаршы шақырым жерлерін – Такламакан шөлі алып жатыр. Өлкедегі аңғарлар, Яркент (2 650 шаршы шақырым), Хотан (1 600 шаршы шақырым), Ақсу және Түрфан (5 000 шаршы шақырым) халық шаруашылығы үшін өте пайдалы өнімдер береді. Тарым алабында жазғы бидай, Жоңғарияда – қысқы бидай, арпа, сұлы өсіріледі. Егіншілкітің 90 %-ін дәнді дақылдар құрайды. Бұл жерлерден жыл сайын 55 млн. тонна дән алынады [2, 27-31 бб.]. Жалшы өнімнің 50 %-ін егіншілк, 15 %-іне жуығын мал шаруашылығы береді. Басты ауыл шаруашылық дақылдары – бидай, жүгері, күріш, мақта. Ақсу өзенінің аңғарында күріш, Хотан шұратында, Қашқар-Яркент, Турфан ойыстарында, Манас өзені аңғарында мақта басым егіледі. Мақта алқаптарының маңайында қант қызылашасы, алма, алмұрт, шабдалы, жұзім, жүгері, күріш өсіріледі. Турфанда бір жылда 1. 250 тонна жұзім жинап алынады. Ал, Тәңірі тауларының бөктерлері мен етектерінде мал өсіруге қолайлы жайылымдар бар. Қазіргі уақытта 20 млн. қой бағылады деп есептелінеді.

Шығыс Түркістан өзінің жер қойнауының байлығымен (мұнай, молибден, вольфрам, алтын, қалайы, уран және т.б.) әйгілі. Өнеркәсіпте мұнайдан басқа көмір, сирек және асыл металдар, слюда, графит, нефрит өндіріледі. Халық шаруашылығы үшін Қарамай-Урхей, Душаньцзы-Усу мұнай өндіру орындарының маңызы зор. Соңдай-ақ, Тарым, Хами-Түрфан мұнай өндешуші аймақ ретінде де белгілі. Бүгінгі күні Қытайдағы шайдалы қазбалар – минерал-металлдардың (барлығы 148 түр) 118 түрі Шығыс Түркістаннан алынады. Қазіргі уақытта 5000-нен артық жерден минералдар қоры табылды, олар Қытайдағы барлық жанармай, рудалы және рудасыз кен орындарының 85 %-ін құрайды. 500 жерден мұнай, 30 жерден табиғи газ табылды. Мұнай қоры – 8 млрд. Тонна. Қарамай, Ақбұлақ, қызылтау, Өчкелік, Көкяр және т.б. Жерлерден жыл сайын Қытайға 5-7 млн. тонна мұнай тасымалдануда. Соңғы 50 жыл ішінде 40 тонна алтын өкетілді. Алтынның жылдық өндірілуі 360 кг [1, 5]. Тарым, Түрфан, Хами және Қонғарда (740000 шаршы км алқапта) мұнай-газ өндірілуде. Жылына 7,5 млн. тонна мұнай алынады. Қытайлықтар келгенге дейін өлкеде 302 кәсіпорын, шеберхана, ателье,

С.Әбушәріп. Шығыс Түркістан.

фабрика және басқа өндіріс орындары бар болатын. Олар келгеннен кейінгі кезеңде өндіріс орындарының саны көбейді (338500).

Өлкедегі жолдардың ұзындығы 24000 шаршы шақырым (оның 5 200-і асфальтальшан) [2, 27-31]. Ең ескі темір жолының бағыты – Үрімжі-Турфан-Хами, одан әрі Қытайға баратын жол бар. Сондай-ақ, Қазақстанға шығатын жол да бар («Достық жолы»). Үрімжіден Пекин мен Алматыға самолет ұшады.

Шығыс Түркістанның халқы (1949 ж.) 3,5 млн. Еді. Бұлардан тек 300000-і ғана қытайлықтар болатын (8%). 1944 жылы Іледе құрылған Шығыс Түркістан Республикасының төрағасы Элихан төреңің айтуышта, өлкенің сол кездегі халқы 8 млн.-ға жуық болған. 1965 жылғы мәліметтер бойынша, халық саны 7,2 млн., ал қытайлықтар саны 2 млн. болған. 1990 жылғы деректер бойынша, Шығыс Түркістанның жалпы халқы 15,2 млн., ал мұндағы тұратын қытайлықтар 6 млн.-ды құраған. Бірақ кейір демографтардың көрсетуінше, өлкеде 26 млн. мұсылман-түркі тұрады. 1760 жылдары бұл елді Қытай жаулаш алған кезде Шығыс Түркістанның 1 млн.-дай халқы, 1877 жылдың ақырында 1 млн., 1933-1944 жылдары 300000, 1949-1955 жж. – 360000-ға жуық түріктері қырыш жіберілді. 1950 жылдары түркі-ұйғырлар өлкенің 80 %-ші құраған болса, 1995 ж. Бұл көрсеткіш 45 %-ке дейін төмендеген.

Шығыс Түркістанның қазіргі уақыттагы халқының 45 %-ын ұйғырлар, 45%-ын қытайлар, 1 %-ын қырғыздар, 2 %-ын тәжіктер, 6 %-ын қазақтар, яғни түркілер жалпы алғандағы тұрғындардың 55 %-ын құрайды. Ресми мәліметтер бойынша, ұйғырлардың саны – 7 млн. Қазақтар Алтай, Іле, Құмыл, Үрімжі және Тейрек уәләяттарында тұрады. Шыңжандығы қазақтардың саны 987 мыңдан асады [5, 5].

Шығыс Түркістан – географиялық және мәдени-этникалық жағынан көне Түркістан айырағысыз бір бөлігі. Азияның нақ жүргіндегі орналасқан осынау түріктер елі ұлан-байтақ жерде еді көне замандардан бері жасап келеді. Ол – әрине, түріктер мәдениетінің Алтын бесігі де болыш табылады.

Көне заманда Монгол даласы мен қазіргі Шығыс Түркістанның біраз бөлігін мекендеген түріктер, оның ішінде көшшелі ұйғыр тайшасы жазба деректерде б.д.д. кезден белгілі, олардың арғы тектері ғұндардың тайпалық одақтарына (б.д.д. III ғ.- б.д. III-IV ғғ.) енген. Кейінірек Шығыс Түркістан мен Жонғарияның шығыс бөлігі уақытша Хан империясының ықпалында, III-VI ғғ. алдымен сөнбидің, кейін жужанның, ал VI ғ. 2 жартысынан бастап қағандық түріктердің бақылауында болды.

Түрік қағандығы ыдырағаннан кейін (8 ғ.) Селенга, Орхон, Тола өзендерінің бойындағы ұйғырлар Ұйғыр қағандығын құрған. 840 ж. бұл қағандықты Енисей қырғыздары қүйретті. Содан кейін олар Шығыс Түркістан мен Гансудың батыс бөлігіне қоныс аударып, Турған ойпатында

(847 – 1369), Гансуда (847 – 1036) дербес мемлекет құрған. Гансудағы мемлекетті танғұттар жойды да, үйғырлардың Шығыс Түрікстан мемлекеті XIVғ. Шагатай ұлысына, кейін Моголстанға қарады. Бұдан көп уақыт ілгері, яғни X ғ. Қашғар мен Хотанды мекен еткен қалың үйғырлар тобы Қарахан мемлекетінің құрамына енген болатын. Ұзақ жылдар бойы үйғырлар елі басқыншылардың қол астында болыш, ішінәра қактығыстарға ұшырады. Осының салдарынан XV ғ. үйғыр этнонимі сирек естіліп, оның орнына тұргындар тұрағына байланысты: қашқарлық, хотандық және т.б. дәп аталды. Ал, Жегісуға және Оргалық Азияға қоныс аударған үйғырлар тараншы (диқаншы) делінді. XVII – XVIII ғғ. Шығыс Түрікстанда орнаған Үйғыр мемлекетін XVIII ғ. 50 ж. манжурлықтар басып алды.

Шығыс Түрікстан б.д.д. I ғ. мен біздің жыл санауымыздың III ғ. аралығында өмір сүрген Ұлы Күшандар империясы мен V – VI ғғ. құрылыш, бой көтерген эфталиттер мемлекетінде қурамында да болған.

Шығыс Түрікстан тарихтың белгілі бір кезеңдерінде Үйғыр атымен де танылған. «Оғуз-намада», М. Қашқаридің «Лугатында», Рашид-ад-диннің еңбегінде, А. Баһадұр ханның шежіресінде, А. Джувайнидің баяндауында үйғырлар Оғуз-қаған және оның руларымен қосылып кеткен ру-тайшалар атауы ретінде көрсетіледі [4, 33]. Аныздарда Үйғыр Оғуз қаған жағына бірінші шыққан рулардың жиынтық аты. Оғуз қаған қойған ат. Ал, Қытай деректерінде «Үйғыр о баста Ғұн үйіншің қызы жағыныңың немересінен шыққан екен» деген аныз келтіріледі [6, 214]. Н.Я. Бичурин осы дерекке сүйеніп «Ойхор (Хойху) Ордасын ғұн ханының қызынан не жиеніпен туған үл билеген, «бұл оқиға біздің әрамызыға дейінгі II ғ. басына қатысты» [6, 213], – дейді.

Тарихи деректе олардың (гаогюй) тілі ғұн тілімен ұқсас, бірақ аздаған айырмашылығы бар [6, 214] делінгеніне қарағанда, үйғылардың арғы аталары ғұн дәуірінде-ақ белгілі болған әрі олар ғұндардан тілі жағынан айырмашылығы айқын көрінетін бөлек тайша ретінде көрінген. Ғұн ордасына тәуелді, я соның кол астындағы бөлек әкімшілік болған. Ал, үйғылардың бұлай өз алдына жеке жүрт болыш аталуы Ғұн ордасы құлаап, оның орнына 400 ж. артық уақыт өткен соң барып құрылған жаңа этникалық-әкімшілік бірлік пайда болған кезеңде, яғни Түрік қаганаты түсында да сақталған. И.В. Кюнер келтірген мәлімет бойынша, үйғылар өз алдына тоғыз ру-тайша бірлігін құрады [7]. Бұл тайша бірлігі Оғуз деп аталды.

Орхон ескергіштерінде Түрік қағанаты хандары қарауында бірде болып, бірде қарсы шығып, өз алдына бөлініп отыратын Tokuz ofuz – осы ұйғыр тайпасы мен сегіз тиэле тайпасының бірлік одағы. Ал, ұйғыр тайпасы бұлардың ішінде күшті болды. Түрік қағанатының құлауы мен ұйғыр тайпасының күштесі тұсында тоғуз оғузға хан болған Мойн Чурға қойған ескерткіш тоғуз оғуздың ішкі жүйесін тамаша суреттейді. Бұл деректе Мойн Чур ұйғыр тайпасының ханы ретінде Tokuz Ofuzдың қалған сегіз оғузына

С.Әбушәріп. Шығыс Түркістан.

өздерінің бөлек ханын (Тай Білге Тутук) сайламақ болғаны үшін ұрыс жариялайды [8].

Бұл арада, «Токуз Оғуз» одағының этникалық жағынан әркелкілігі, бірақ туыстас тайшалардан құралғандығы өрі әкімшілік жағынан біріккен одақ екендігі анық көрінеді. Яғни «Токуз Оғуз» (тоғыз тайпа) одағы ежелгі ғұндардың бір-біріне этникалық жағынан туыстас сегіз тайпасы және былайғы үйғыр тайпасын қамти құрылған әкімшілік бірлік одағы еді.

Үйғыр билігі күшейіш, империя құрылған кезде, үйғырлар өз құрамындағы «Токуз Оғуздардан» бөлініп, этникалық-әкімшілік бірлік ретінде ілгері шықты. Бірақ, «Токуз Оғуз» деп атап дәстүрі былайғы басқа тайшаларда сакталыныш қалды. Үйғыр мемлекетін қыргыздар құлатқан кезде (840 ж.), «Токуз Оғуз» әуелі Бешбалықта, кейін, IX ғ. екінші жартысында батысқа қарай жылжыды [9, 568]. Бұл жерде олар байырғы оғуз тайшаларымен (түрік-шато тайшаларымен) бірікті, содан кейін «Токуз Оғуз» деген атаудың саяси-әкімшілік мәні жойылды.

А. Джувайнидің баяндауынша, үйғырлар Орхонда көбейіш өскен. Ол жерде екіге бөлінген, басшылары болған. Сол тәртіппен Буку хан шыққанға дейін – 500 ж. тұрган. Тегінде бұл, үйғырлардың жаңа жерге келіш, сол жерден тибеттерді қуған соғыстағы қолбасшы Буғу бекке тақылған арғы дәуір аңызы болса керек.

Шығыс Түрікстан жерін қамтыған Шығыс Түрік қaganаты негізінен Ашина ұрпағының «Түрік» атымен қайта аталған оғуз-түрік тайпа одағының этнократтық әкімшілік бірлігі болды [8, 200]. Қытай деректерінде Шығыс Түрік қaganатына бірде бағыныш, бірде олардан бөлініп, өз алдына жеке ел ретінде атальш отыратын ру-тайшалар бар: Хойху (үйғыр), Сиеяньто (сыртардыш), Тунло, Гиегу (қыргыз). Хойху шугу мен тунло байегумен бірікті. Олар Сиеяньтодан солтүстікке қарай Селенга өзенінің бойын мекен етті. Хойху ханы күшейіш, Сиеяньтомен бірігіп 628 ж. түріктердің солтүстік шетінен келіш шабуыл жасайды [6, 302]. Хойху ханы Пэйло бұрынғы Түрік Ордасының онтүстігін жайлады, ордасын Өтүкен тауы мен Орхон өзенінің аралығына орналастырды. Солтүстікten Ұлы күмның онтүстігіне дейінгі жердің бәрі осы тоғыз руға қарады. Хойхудың (үйғырдың) бұл тоғыз руы мыналар: Иэлогэ, Худуге, Қюйлеу, Мокэсиге, Аучжай, Гэса, Хувиньсо, Иовуге, Хасиеву. Ал, Иэлоге болса, Хойху ордасының лақап аты. Мойн Чур тұсында бұлардан басқа тағы бір неше рулар жайлаган үйғыр тайпасының билігі үстемдік етті. Үйғыр мемлекеті 840 ж. қыргыздардың шабуылынан қирап женілді де, батысқа ауа көшті. X ғ. Шығыс Түрікстанның біраз жерінде Қарахан мемлекеті билеушілерінің билігі орнатылды [10, 18-19].

VII ғ. Шығыс Түрікстан мен Жонғарияда біраз уақыт қытайлық Тан империясы бақылау орнатты; онтүстік бөлігін VII ғ. 70 ж. Тибет басып алды. IX ғ. орга шенінде Орхон мен Селенга өзендерінің алабынан үйғырлардың едәуір бөлігі осында көшпіл келді. X ғ. басында үйғырлардың Тұрған

мемлекеті құрылды; XII ғ. ол Қара Қытайдың вассалына айналды. XIII–XV ғғ. аралығында Шығыс Түркстан моңғол хандарының қауаудың көшті («Үйғыр билеушісі Иддиқұт Барчук Ары Тегін 1207 ж. Шыңғысқа тәуелді болыш қалды».– Türk Hukuk Tarihi Ders Kitabı. Ankara, 1982, s: 25; Doç. Dr. Ahmet Akgündüz. Uygur Hukuku.– Türk Dünyası araştırmaları Aralık, №57, 1988, s:18.), ал Темір империясы ыдырағаннан кейін (XV ғ.) мұнда бірнеше мемлекет пайда болды Солтүстік-батыста моңғолдар-ойраттар қүшейіш, XVII ғ. 30 ж. Ойрат хандығын (Жонғар хандығы) құрган. XVIII ғ. 50 ж. ақырына таман Шығыс Түркстанды Цин империясы жаулаш алды. XVIII–XIX ғғ. Шығыс Түркстан мен Жонғария халықтары қытай-манчжур езгісіне қарсы әлденеше рет көтеріліске шықты [11].

Шығыс Түркстан климаты, тым континентті, бұл жерде дәйім қатты жел есіш тұрады. Құмдықтар мен таулардан ұшқан тозаң жан-жаққа лезде тараң кетеді. Такламаканда сөуір-мамыр айларында тұратын «қара дауылдар» кезінде құмды және тозаңды бұлттар күнді қараңғы түнге айналдырыш жібереді. Наурыз және маусым айларында «сары дауылдар» тұрғанда 20 м жердегі нәрселердің қарасы көзге әрең шалынады. Хамидан Тұрғанға аппаратын жол бойында қатты дауылдар тез-тез көтеріліп тұратындықтан, ол «әжиналар жолы» атын алған еді. Дауылдар кезінде бүтін-бүтін керуендер жоқ болыш кететін, станциялар қираң, құдықтар тас пен құмға толыш бітеліп қалатын.

Кейінгі замандардың саяхатшылары бұл жерден карталарда көрсетілмеген белгісіз дариялар және шөлдерде ежелгі дүниенің бейнесіндегі оқыстар пайда болатын көне қалалар орнын ұшыратқан. Бір заманда өмір бүрк-сарқ етіп қайнап жататын жерде үйлер мен көпелердің құм басқан орны ғана қалып, құм тіршілік нышандарын толық жойып жіберіп отырган.

Батыс Түркстан Тянь-Шаньың ығында тұрғандықтан, аталған шөлдердің оған еткен өсері айтарлықтай көп болмаған. Оның оңтүстік бөлігіндегі, төрт республиканың көшілік жерін құмды жер алып жатыр. Солтүстік бөлігін Устірт, Қызылқұм, онтүстігін Копетдағ, Паропамиз, Памир-Алай, Тянь-Шань таулары алып жатыр. Республикалардың жерінен Сырдария, Нарын, Әмудария, Пяндж, Вахш, Зарафшан, Мурғаш, Теджен және Артек өзендері агады. Пайдалы қазбалары: мыс, мырыш, корғасын, вольфрам, сынап, мышьяк, сурма, алтын, газ (Хиуа-Бұхара ойысындағы Газли, Мұбәрак, Жарғақ кен орындары), мұнай (Қарақұм, Бұхара ойысы, Вахш аңғары, Ферганада аңғары), көмір (Ферғана аңғары, Ангрен) және т.б.

Батыс Түркстан, Тянь-Шань тауы меридианы бойынша орналасқандықтан, Шығыс Түркстан табигатының ықпалында көбірек болған, жел бұл жаққа тау жоталары мен аңғарларын бойлаш шаң-тозаңды ұшырыш әкеleiп тұрған. Бұл тау жоталары мен аңғарлары көбінесе аэродинамикалық құбырлар қызметін атқарып тұрғандықтан, желдің күші арта түсіп, арты қатты дауылдарға ұласатын. Бірақ, Батыс Түркстанда бұл

шанды дауылдардың шабуылдауына қарсы тұра алатын табиғи күштер де жоқ емес еді. Яғни, екі ұлы дария – Сырдария мен Әмудария өмірдің құдіретті қарауылы іспетті аса үлкен су бассейндері болған. Балхаш пен Ыстықкөл көлдері, сондай-ақ, Аral мен Каспий теңіздері ықпалының нәтижесінде жауатын көктемнің жылы жаңбыры, күзгі жауын-шаптың мен қыстың күндері бораған қар атмосфера мен топырақта қажетті ылғалдың сақталыш қалуына мүмкіндік туғызатын еді.

Әлемдегі барлық мәдени флоралың 15% жуығы осы территориялардан өсіп шықсан. Акад. Н.И. Вавиловтың шікірінше, өсімдіктер өсіру жолдары мен әдістері тауларда пайда болған, кейіннек олар үлкен өзендер аңғарларында одан әрі қарай дамытылған болуы керек. Сөйтіш, бұл жерлерде алғашқы диқаншылық кәсібі өрістей бастаған. Осынау оргалықтардың өсімдік байлықтары Кіші Азия, Сирия, Фаластин және Ассур-Вавилонияда, сондай-ақ, Әмудария және Сырдария аралығында, Жетісу мен Ертіс алабындағы көне мәдениеттердің қалыптасуына әсер етпеген деуге болmas.

Шығыс Түркістаннан Мажарыстан жазықтарына дейін кең белдеу болыш созылып жатқан Ұлы даланың сол жерлерді мекендеген халықтар тарихына еткен әсері айтарлықтай болды. Бұл дала Орыс жазығының онгустік белігі, Солгустік Қазақстан, Батыс Сібірдің онгустігін қамти өтіш, Алтай тау жоталарына дейін жетіп баратын және Ишкі Азия жерлерімен жалғасатын-ды. Оның Сібірдегі кішігірім алаңдары Хакасия, Тува, Абакан тау аралығы аңғарларында орналасқан және Саханың алыс солгустігіне дейін еміне еніп кеткен. Ол Байқал артындағы жерлер және Монголстан даласымен жалғасып дүниедегі ең үлкен дала мен жартылай дала белдеуін құрайтын еді. Оның барлық алқаптарындағы климат пен табиғи жағдай көбінесе бірдей болыш, мұның өзі қөштеген қөшпендердің тұрмысының табиғи негізі болыш қызмет еткен.

Көшпендердің қалыптасу процесі күрделі жолдарды бастаң кепкен. алдымен жартылай отырықшы тұрмыстың көп белгілерін сақтап қалған «Алғашқы көшпендердің» пайда болған. Отрықшы диқаншылыққа қолайлар болмаған жерлерде көшшелі мал шаруашылығы кола дәуірінің соңғы кезеңінде пайда болған. Көшпендері малшылар жайылым жерлер үшін болған күресте басқа тайшалармен соқтығысып қалып отыратын. Бұл жайт олардың топтасуы мен оргалықтануына көмектесті. Нәтижесінде олар үлкен көшпелі әскери-тайшалық одақтарға бірігіш, өздерінің жоғарғы билеушісі және қоғамдық үйымдарына ие болды. К.А. Ақишевтің шікіріне қарағанда, бұл кезде бір тайшаның екінші тайпамен қосылу процесі басталған еді [12].

Жылқы малының көшпендерлер тұрмысындағы рөлі елеулі болған. Ол – негізгі транспорт тетігі мен азық-түлік көзі. Үй жабдықтары мен киім-кепек үшін материал да болып табылады. Көшпендер күніге қымыз, қатық, сұзбе және сарымай сияқты «ақты» үзбей тұтынып отырган, наң орнына құрт

қайнатып жеген. Жыл маусымына қарай қыста жылжылатын қыстай деп аталағын үйлерде тұрып, жазға қарай жайлаптарға шығыш кетіп отырган.

Тұрлі себептерге байланысты ру-тайшалар солтүстікке қарай жылжып бара берген. Көне замандарда белгілі болған барша тайшалар 52 параллельде тоқтаған, өйткені одан арғы солтүстіктегі жерлер суық болған. Олар үлкен топ-тобыр болыш, дария, орман және таулар төңірегінде тоңтасып отырган. Сонымен, оңтүстіктен солтүстікке қарай жаңа тайшалар ағылып бара берген. Б.д.д. V ғ. Байқал-Становой сілемдері және Аргұн дариясы аралығындағы тар кеңістікте, сондай-ақ Селенга, Шилка, Аргұн, Карулен, Онок және Витим аңғарларында; Яблоневый жотасы, Стоновой тауы мен сілемдерінің баурайында тайшалардың шоғырлануы әжептеуір болған. Бұл көп санды тайшалар арасында Ғұндар жетекші рөл ойнаған. Олар б.д.д. III ғасырда алғашқы әскери-тайшалық одақты құрған. Бұл одаққа 24 тайшаны біріктірген көшпенде мемлекет еді [13, 49 б.]. Ғұндар Қытай империясы мен Танғұт патшалығын бағындырып, Монголстаннан Үндістанға дейінгі жерлерді өздеріне қаратқан еді.

Мемлекет негізінен екі княздікке – шығыс және батыс княздіктеріне ажыратылды. Мұрагер әдетте шығыс жақ княздігінен болған. Мемлекет әкімшілік жағынан 24 ақсақал тараҧынан басқарылып, олар армияға 10 мыңдан әскер беріп тұратын. Олар түмен басы аталаш, мыңбасылар, жұбасылар және онбасыларға билігін жүргізе алатын...

Бұл жерлерде қатаң дала заңдарына бағына өмір сүрген: ұрлық жасаған үшін адамның отбасысының мүлкі конфискацияланатын, жеңіл қылмыстар үшін бетіне жара түсірілетін, үлкен қылмыстар үшін дарға асылатын болған. Марқұм хан құрал-жарактары, сондай-ақ әйелдері және күндерімен қоса жерленетін.

Барша ірі әскери немесе саяси шаралар жұлдыздар мен айдың орналасуына қарай жүзеге асырылатын. Толық ай туғанды жорыққа шығатын. Тұтқындалған ереккөр мен әйелдер құлдар мен құндерге айналдырылатын; жауынгер шайқаста езі өлтірген дүшіншің барлық нәрсесіне ие болатын.

Б.д.д. I ғ. Ғұндар мемлекеті болғанын кетті. Мемлекеттің оңтүстік болігі Қытайға етті, ал оңтүстік Сібір және Монголстан территориясында көшпін жүрген солтүстік тайшалар батысқа жылжып Алтай және Шығыс Қазақстан далаларына келіш жаңа патшалықты құрды. Олар осынау ұлы шөлден тынбастан алға қарай жылжып отырды. II ғасырдың басында олар Еділдің арғы жағына өтіп, тіпті Дон далаларына дейін жеткен...

VI ғ. орга шенінде көшшелі халықтар қозғалысының жаңа толқынына басталады. Оның барысында Ұлы Түрік хакандығы құрылды. Ол 200 жыл өмір сүрді. Сол мезгілде қышқақтар, қарлұқтар, қырғыздар, қидандар және басқа түрік топтарын өзінің мәдени ықпалы астында ұстап тұра алды.

Түріктердің этногенезі туралы сан алуан шікірлер айтылуда. Қытайлықтар түріктерді Ғұндардың бір әулетімен байланыстырыған. Шынында да түріктер

С.Әбушәріп. Шығыс Түркістан.

хұн одагының бір бұтағының әулеті болған деп айтуға қазіргі уақытта толық негіз бар. Батыс тарихшылары түріктер скифтермен, немесе тіпті болмағанда бұл халықтың бір бөлігімен туыстас деген болжамдар айтқан. Көне замандарда монғолдардан шығыс жақтағы аймакта жасаған сөнби халқы да түріктердің көне ата-бабалары болыш табылады деген шікірлер де жоқ емес.

Түріктер жазуы дәуіріміздің I мыңжылдықтардың орта шенінде Орхон дариясы жанындағы тастанарға ойып жазылған. Әлбетте, өзінің фонетикалық жүйесіне ие болған түрік тілі б.д.д. жүз жылдықтарда-ақ белгілі болған. Жалпы алғанда, Шығыс Түркістан жерін түріктер ежелден мекендеген деп айта аламыз.

Ұлы Жібек жолының Түркістан дүниесі тағдырында ұлкен рол ойнағандыры белгілі. Бұл жолдар жүйесі ескі заманда және алғашқы ортағасырда – XVI ғ. ұлы географиялық жаңалықтар алдында Қытай, Үндістан, Орта және Таяу Шығыстың негізгі мәдени орталықтарын байланыстырған еді. Батыс Түркістанда он жыл болған Қытай дипломаты және саяхатшысы Чжан Цзянь оның географиялық және экономикалық жағдайын зерттеп б.д.д. 135 жылда «Аспан ұлына» (Хань әулетінің Қытай империясына) Давань (Ферғана), Хорезм, Бақтрия, Парфия елі мен Гуй-Шуй (Әмудария) жағдайы жайында қайран қаларлық мәлімет жеткізген. Чжан Цзянь егіншілігі өркендеген осынау өлкеде сұлы мен бидайдың көп өсірілетіндігі, шаралтың жасалу технологиясы, Қытай ақсүйектеріне қоп келетін жылқы малының бағылатындығы жөнінде егжей-тегжейлі жазған.

Сөйтіп, Қытай мен Батыс Түркістан арасында сауда байланыстары барынша дамып кеткен. Батыс Түркістанның Иранмен болған сауда қатынастарының нәтижесінде бұл жолмен тасымалданатын тауарлар Жерорта теңізіне дейін жеткізілші түрған. Жібек жолы, осылайша құрлықаралық сипат ала бастаған. Уақыт өтісімен оған жол-жөнекей тармақ жолдары қосылып, олардың бірі Үндістанға дейін барып, Үндістан – Түркістан – Қытайдан қураған ерекше бір ұшбұрышты қалыптастырған.

Батыс Түркістанан еki «Жібек жолы» – оңтүстік және солтүстік жолдары өткен. Қытай қаласы Юйминен басталған оңтүстік жол оңтүстіктегі тауларды жағалай отырып Жаркентке дейін жетіп, одан әріректегі Ташиқорған мен Ваханға барып тірелген. Ваханда жол екіге ажыралған. Олардың бірі Балх пен Марва арқылы шарғындар астанасы болған Гекатомдан өтіп, Дамашққа жеткен, одан кейін Антиохияда тәмамдалған. Екінші жол Гилкит пен Кашмир арқылы өтіп Надхарға барған және Үнді дариясы маңайында тұйықталған.

Қытайдан басталған солтүстік жол солтүстік Тянь-Шаньның етектерін бойлай Терек асуы арқылы өтіп Ферғана аңғарына дейін барған, бұл жерден Шаш, Самарқанд, Бұхара, Хорезм арқылы солтүстікке қараш кеткен, одан әрі Оралбайы және төмөнгі Еділді басып өтіп Солтүстік Қаратеңіз жағалауларындағы грек колоннияларында аяқталған.

Қытайдан шықкан керуендерді Жерорта теңізі порттары, Тир және Сидонға дейін ашаратын жолдың ұзындығы 9000 шақырымнан артық еді. Жолбастаушылар мен саудагерлер жолдың екі бетін бойлап үздіксіз қатынайтын. Бұл жолдағы сауда жүйесінде соғдылықтар басым рөл ойнайтын. Олар Батыс Түрікстан, Солтүстік Түрікстан және Солтүстік Қытайдың негізгі орталықтарында көштеген колониялар мен мекенжайларды құрған. Жолдың ең маңызды жері болған Дунхуанда соғды қауымы кемінде мың кісіні қураған. Соғдылықтардың Батыс Қытайдың Ланчжоу және Сучжоу сияқты сауда орталықтарында ірі сауда колониялары болған. Соғды керуендері Памир және Солтүстік Үндістан арқылы жаңа жолмен де қатынап жүретін. Оңтүстік жолдың негізгі орталығы болған Шаншанда (Лобнор көлі маңында) самарқандықтардың бірнеше мекенжайлардан құралған колониялары болған.

Жолдағы негізгі тауар жібек еді. Қытайдан Батысқа көп-көп сәнді де, жұқа жібек маталар жөнелтілетін. Сондай-ақ, қоладан жасалған қытай айналары және тұрмысқа қажетті басқа да (әтір, опа, дәрі-дәрмек) заттар тасымалданатын. Батыстан шыныдан жасалынатын бүйімдар мен жүннен тоқылған киімдер әкелінетін.

Жібек жолы экономикалық тұрмыс пен адам ой-әрекетінің белсенділігін арттырып жіберген сауда жолы ғана емес еді. Бұл жол арқылы өндіріс технологиясы мен білігі, мәдени жетістіктер, әсіресе идеялар таратылған. Қоғам дамуының тетігі болған қатынас пен айырбастау осы жолдың ене бойында көрініс ташқан. Батыс Түрікстан ең үлкен материкті жан-жақтан кесіп өтегін үлкен транспорт жүйесінде орталығында болғандықтан, бұл жерге барша шет елкелерден рухани және материалдық игіліктер ағылыш келіш жататын. Мәуараннахрдың бас кенті – Самарқант Азиядағы тоқсан жолдың торабында орналасқан еді. Бұл елде, әсіресе рухани байлықтар көп жинақталатын. Жан-жақтан келетін көштеген ғалымдар, әртістер, музықанттар, суретшілер, сөүлет өнерінің ұсталары көп уақыт бойы бұл жerde тұрақтаған қалатын болған.

Түрікстан жері арқылы көне заманың ұлы өркениеттері болған Қытай мен Үндістан арасындағы мәдени қатынас өрістеген еді. Қытай буддизммен құдды Түрікстан арқылы танысқан. Сөйтіш, Түрікстан идеялар таратушы және олардың қайтадан жасалуының генераторына да айналып қалғандай еді.

Сауданың Ұлы Жібек жолында өрістеуі Каспий теңізінен Ұлы Қытай қорғандарына, Ертістен Бенгалия ормандарына дейін созылыш жатқан үлкен кеңістікте жасаған тайша-ұлыстардың топтасуы мен біргігіне ықпал еткен. Қатынас тетігі болған түрік тілі көшшілік түсінетін сөйлесу тілі ретінде Жібек Жолында қолданыста болған.

Тарым алабының оңтүстік-батыс бөлігінде жасаған яғма және қарлұқ деген түрік тайпалары Қашқар, Жаркент, Қотан қалаларын өркендерген сауда және мәдени орталықтарына айналдырып жіберген. IX ғ. Қытай мен Батыс

С.Әбушәріп. Шығыс Түркістан.

Түркістан арасындағы террорияға түрік-ұйғыр тайпалары келіп тұра бастаған; олар Алтайдан Байқалға дейін созылып жатқан жерлерде өз империясын құрып орныққан болатын. Алайда империясы құлағаннан соң 840 ж. Түркістан жеріне ауыш келген еді. Қытайлар оларды гао–гүй, яғни үлкен дөңгелекті арба мінгендер деп атаған. Кейінрек бұл арба Батыс Түркістанға да кең тарапады. Тұрған, Гансу уәләяті және басқа жерлерге жайғасқан осынау түрік-ұйғырлар қазіргі ұйғырлар және сол төңіректе жасаған түрік тіліндегі сөйлейтін бірқатар кішігірім топтардың этникалық негізін құраған. Құшайшыл алған ұйғырлар 874 ж. Тянь-Шаньда көшіп жүрген тибеттіктерді талқаңдаған жібереді. Олардың мемлекеті 500 ж. жуық уақыт бойы өмір сүрді.

Сонымен, Түркістан өлкесінің табиғаты мен географиялық ортасы мындаған жылдар бойы жасаған ру-тайпаларға сақылық жасап, көптеген этникалық бірліктер мен өркениеттерді тоғыстыра отырыш, жаңа, «Тұран» атты өркениеттің қалыптасуына мұрындық және табиғи негіз болған. Бұл өлкеде шамамен екі жарым мың жыл уақыт бойы парсы, араб, қытай, элин және орыс мәдениеттерімен өзара әсерлескен Түрік өркениеті қанат жайды. Оның айрықша әсемдігі, оригиналдығы, қайталанбас ерекшелігі, колориті және нәзіктігінің негіздерін Тұрандық-түркістандық этникалық өзектің жоғарыда тілге алынған өркениеттермен байланыстарынан да ізdemек керек. Құрделі географиялық жағдайларда жасаған түрікістандықтардың аман қалу үшін, сондай-ақ шетел басқыншыларына және өздерінің залымдарына қарсы жүргізген күресі Түркістан этникалық бірлестіктері арасында тұтастық пен туыстастық сезімін тудырды. Тұран-Түркістан жалшылығы мен жалғастығы осылайша өмірге келіп, бекі түсті.

Демек, ежелгі Тұран-Түркістан жері – халқымызды жаңа бір құбылыс – қауым регінде қалыптастырыш, қияға қанат қақтырып ұшырған құтты ұя. Теріскей мен Күнгейдің, Шығыс пен Батыстың оргасындағы қыр арқа қырық шоқылар мен Тұран сияқты жазықтар, Әмудария мен Сырдария алаңтары, аспанмен таласқан таулар баурайлары жан-жақтан тарам-тарам ағылып келген әр төркін нәсілдердің (автохтондық түріктер мен шығыстан келген түріктердің, жергілікті иран тектес тайпалар мен араб-ұнді-монғолдардың) басын косып, қоян-қолтық араластырыш, бір бүтінге айналдырыш, қайтадан өрелі іске жұмылдырыш, өрісті жолға шыгарып отырған.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Ruza Riza Bekin. Doğu Türkistan. İstanbul, 1994, 3-б.
2. Ramazan Özey. Türkistan Türk Cumhuriyeti. –«Yesevi», 1996 yıl: 3 sayısı: 27, 29-6.
3. Ahmed Egemberdi. Doğu Türkistan Davası – Türk Dünyası. Tarih Dergisi. 1993, Kasım.
4. Щербак А. М. Оғуз-наме... М., 1959, 33-б.; М.Қашқари. Дивану лугат-ит түрк. Тошкент, 1963, т. III., 135-б; Рашид ад-дин. Сборник летописей. М.,–Л., 1952, 17–18-

ТҮРКОЛОГИЯ, № 4, 2012

- 6.; Абулғазы Баһадур хан. Шаджара-и түрк. – Әбілғазы. Тұрік шежіресі. Алматы, «Ана тілі», 1992, 18-б; Бартольд В.В. Собр.соч М., 1968, т.V, 433-б.
5. Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы// Шалқар, 1994 жыл, шілде, 5-б.
6. Бичурин Н.Я. Собр. соч. Т.1. 214-б.
7. Кюнер И. В. Китайские известия о народах Южной Сибири. М., 1961.
8. Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии VII–VIII вв. М.–Л., 1959.
9. Бартольд В. В. Сочинения. Т. 5, 568-б.
10. Өмірәлиев К. «Оғуз қаған» эпосының тілі. – Алматы, 1988.
11. Bozan, Jian. A Concise History of China. Peking, 1986; Bugra Mehmet Emin. Doğu Türkistan Tarihi. Cografi ve Şimdiki Durumu. İstanbul, 1952; Описание Чжуньгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии, пер. с кит. (Н.Я.Бичурин), ч.1, СПб, 1829; Бартольд В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия, ч.1–2, СПб, 1898–1900; Думан Л.И. Аграрная политика цинского (маньчжурского) правительства в Синьцзяне в конце XVIII в. М., 1936; Тихонов Д.И. Хозяйство и общественный строй уйгурского государства X–XIV вв. М., 1966; Радлов В.В. К вопросу об уйгурах. СПб, 1893; Народы Восточной Азии. М.–Л., 1965; Хамраев М.К. Расцвет культуры уйгурского народа. А–А., 1967.
12. Акишев К.А., Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана. А., 1979.
13. Бичурин И. Собрание сведений о народах... Т.1. Петербург, 1850; Sten Konowa. Two medieval documents from Tun-huanag. Oslo, 1929.

REZUME

**S.ABUSHARIP (Turkistan)
EASTICAL TURKISTAN (history-geographical essay)**

The article deals with the history-geographical essay of the Eastical Turkistan.

МАЗМУНЫ, СОДЕРЖАНИЕ, İÇERİK, CONTENTS

КОНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРИ

<i>Рахмонов Н.</i> (Ташкент)	Некоторые вопросы ритмики орхонских памятников Орхон ескерткіштеріндегі ырғактардың кейбір мәселелері	3-8
<i>Rahmonov M.N.</i> (Taşkent)	Orhon Yazılılarının Bazı Ritm Meseleri Some rhythmic Orkhon Monuments	

<i>Бекжан О.</i> (Түркістан)	Ақтөбе қала-жұртынан табылған Баласагұн атауына қатысты және басқа да мағыналы жазулар О значении топонима Баласагун и других надписях со средневекового городища Актобе	9-28
<i>Bekcan O.</i> (Türkistan)	Aktöbe Şehrinden Bulunan Balasagun İsmiyle İlgili ve Başka da Anlamlı Yazilar The significance of the toponym Balasagun and other inscriptions from the medieval settlement Aktobe	

ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

<i>Керімұлы Ә.</i> <i>Mұстафа А.</i> (Түркістан)	«Құтадғу билік» жәдігерінің зерттелуі мен тілі туралы қысқаша мағлұматтар Краткие сведения о языке и истории изучения поэмы «Кутадгу билиг»	29-49
<i>Kerimulu A.</i> <i>Mustafa A.</i> (Türkistan)	“Kutadgu Bilig” Eserinin Araştırılması ve Dili Hakkında Kısaca Bilgile Brief information about the language and history of the study of the poem “Kutadgu Bilig”	

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЫҚЛОР

<i>Идельбаев М.Х.</i> (Уфа) <i>İdelbayev M.H.</i> (Ufa)	«Куз-Курпяч» – башкирская повесть начала XIX в. XIX ғ. басындағы башқұрт повесі – «Қозы-Көрпеш» Kuz-Kurpyaş – 19 yy. Başındaki Başkurt Romanı "Kuz- Kurpyach" - Bashkir story beginning XIX c.	50-58
---	---	-------

<i>Kafkasyali A.</i> (Türkistan)	Ahiska sürgününün son tanıklarından aşık şair Kâmal Karaev Ақын Камал Караев – құғын-сүргінге ұшыраған ахыска түріктірінің соңғы күөгери	
<i>Кафкасиялы А.</i> (Түркістан)	Поэт Камал Караев – последний свидетель ссылочных турков-ахыска Poet Kâmal Karaev as the last eyewitness of ahiska turks repression	59-67

ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

<i>Соегов М.</i> (Ашхабад)	Ассоциированный член правительства «Кокандской автономии»; военный министр Сейитмурад Оvezbaev «Қоқан автономиясы» үкіметінің ассоциацияланған мүшесі: әскери министр Сейитмурад Оvezбаев "Hokan Muhtariyatu" Hükümetinin Üyesi: Sovunma Bakanı Seytmarad Ovezbayev Associated Member of the Government "Kokand autonomy": minister of war	68-72
<i>Пилипчук Я. В.</i> (Киев)	Современная тюркская историография истории кыпчаков Қыпшактар тарихы жайлы қазіргі заманғы түркі тарихнамасы	73-77
<i>Pilipçuk Y.V.</i> (Kiev)	Kırçak Tarihinin Şimdiki Türk Tarihnamesi Modern Turkic historiography kypchakam	73-77
<i>Назаров А.</i> (Ашхабад)	Транспортная инфраструктура Туркменистана: возрождение Великого Шелкового Пути Түркменстанның транспорттық инфрақұрылымы: Ұлы Жібек жолының жаңдануы	78-84
<i>Nazarov A.</i> (Aşhabat)	Türkmenistan'ın Ulaşım Yaptısı: "Büyük İpek Yolu'nun" Canlandırılması Transport Infrastructure Turkmenistan: Great Silk Road revival	78-84

ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҮЛТТЫҚ ТАҢЫМ

<i>Хайдардинов М.А.</i> (Казан)	Проблема возрождения и развития крымскотатарской культуры в условиях интеграции народа в украинское и европейское сообщество Қырымтатар мәдениетінің жаңдануы мен даму мәселелері еуропалық және украиналық бірлестіктің интеграциясы аясында	85-99
<i>Hayrullahin M.A.</i> (Kazan)	Aurupa ve Ukraina Birliği Çerçeveşinde Kırım-Tatar Kültürünn Yeniden Gelişmesi Problem revival and development of the Crimean Tatar Culture in Terms of Integration of peoples in Ukrainian and European community	85-99

ХАБАРЛАМА

<i>Әбүшәрін С.</i> (Түркістан) <i>Abuşarip S.</i> (Türkistan)	Шығыс Түркістан (тарихи-географиялық очерк) Восточный Туркестан (историко-географический очерк) Doğu Türkistan (tarihi-coğrafya-jeofizik deneme) Eastical Turkistan (history-geographical essay)	100-112
--	---	---------

Редакцияның мекен-жайы:
487010, Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы
ХҚТУ қалашығы Б.Саттархан даңғылы № 29
“Түркология” журналының редакциясы, 317-бөлме.
Тел.: (8-32533) 6-38-01,
Факс: (8-32533) 6-38-01

E-mail: turkologi@mail.ru

Журналдың электрондық нұсқасын www.turkistan.kz сайтынан оқуға болады.

Журнал Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік
университетінің “Тұран” баспаханасында көбейтілді.

Колжазба қайтарылмайды.
Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы оффсеттік.
Шартты баспа табағы 11,5.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс.